Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір–бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегеніңді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

- Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.
- Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.
- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.
- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.
- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін.

Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.

- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.
- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.
- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам.3. Топтық нормалар**.** Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
- 4. Топтық сананы құру амалдары:
- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
- мақсатқа сенімділік;
- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
- жетекшіліктің оңтайлы стилі;
- басқаруға қатысу.Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер … болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?”Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:
- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады.

- Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.
- Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.
- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

**X00049 21.12.2020**

**«Түлкі мен қоян»** орыс халық ертегісі

**КУРМАНСЕЙТОВА АЙГЕРИМ ЕРЖАНОВНА**
*Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылы*
*Б. Хайдаров атындағы ЖОББМ жанындағы*
*"Балдәурен" шағын орталығының тәрбиешісі*

**Білім беру саласы:** Әлеуметтік орта, Қатынас, Денсаулық, Шығармашылық,Таным.

**Ұйымдастырылған оқу іс – әрекет түрі:** Кіріктірілген (Қоршаған орта, Тіл дамыту, Денешынықтыру, Сенсорика, Құрастыру)

**Тақырыбы: «Түлкі мен қоян»** орыс халық ертегісі

**Мақсаты:**

**Білімділік міндеті**: ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез – құлқын жеткізе білу дағдыларын үйретуді жалғастыру. Ауызекі сөйлей білуге, сұраққа толық жауап беруге, ертегі желісі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындауды үйретуді жалғастыру.

**Дамытушылық міндеті** : Қоршаған ортаға деген көзқарастарын кеңейту танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың оқу іс әрекетіне деген қызығушылығын ояту арқылы балалардың тіл байлығын, зейінін,ойлау, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру.

**Тәрбиелік міндеті:** балаларды батырлыққа, өжеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Жануарларға деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдерін ояту. Мейірімді болуға тәрбиелеу.

**Қолданылатын әдіс - тәсілдер:** Ертегі айту, сахналау**,** көрсету, ойын, түсіндіру, сұрақ жауап.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** слайдтар, үнтаспа, ойын барысында қолданылатын демонстрациялық материалдар.

**Тілдің үш тұғырлығы:** бір – один – one, екі – два – two, үш – три – three, төрт – четыре - four, бес - пять – five, көк – синий – blue, сары – желтый – yellow, қызыл – red – красный, жасыл – зеленый – green.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңі** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық -қозғаушылық** | Балалар бүгін көңіл – күйлерің қандай?<br>Балалар қазір жылдын қай мезгілі? | Балалар шеңберге тұрып,бір-бірлерімен амандасады.<br>Жақсы!!! |

| | | |
|---|---|---|
| | Бір аптада неше күн бар?<br>Қонаққа жылап қоян келеді. Сәлеметсіңдер ме балалар!<br>Айлакер түлкі менің ағаш үйімді тартып алды. Үйімді қайтаруға көмектесіндерші. | Бір аптада 7 күн бар.<br>Қоян саған не болды?<br>Әрине көмектесеміз. |
| **Ұйымдастыруш ылық-ізденістік** | Біз орманға бармас бұрын орманда жүру ережесін еске түсірейік. Орманға біз сиқырлы ән арқылы барамыз. Ал кәнеки балалар «Ертегілер әлемі» әнің айтайық. Көзімізді жұмып 1-10 санайық.<br>Балалар қарандаршы қандай тамаша! «Көбелектерді гүлге қондыр» ойын<br>Таза ауа! Жерде көбелектерді алып ұшыртайық та әр көбелекті түсіне сәйкес гүлге қондырамы.<br>Балалар қоянға көмектесу үшін біз ертегіні сомдауымыз қажет.<br>Ал балалар<br>Автор: Бір хандықта ну орманның ішінде түлкі мен қоян дос болыпты. Олардың достығы сонша, тіпті олар екеуі бір - бірімен көрші болып тұруды ұйғарады. Содан түлкі өзіне мұздан, ал қоян ағаштан үй салады екен. Жылдар жылжып, күндер өтеді. Қыс өтіп көктем де келеді. Түлкінің мұздан жасалған үйі су болып еріп кетеді.<br>Түлкі қоянның үйіне кіріп алып, қоянды далаға қуып шығады. Қоян жылай бастайды. Сөйтіп қоян жылап отырғанда Ит кездеседі. | Орманда шулауға болмайды. Қоқыс тастауға болмайды, ағаштарды, бұтақтарды сындыруға болмайды. Орманда от жағуға болмайды.<br>Балалар «Ертегілер әлемі» әнің айтады.<br>1-10 санайды.<br><br><br><br><br>Ит:<br>Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты қамығып кетіпсің ғой?<br>Қоян: — Қалай жыламаймын?<br>Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.<br>Ит:— Сен Жылама! Мен саған көмектесемін. Мен ол оңбағанды қазір-ақ қуып шығам!— АВ АВ АВ! Әй, түлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!<br>Балалар бүкіл тапсырманы орындап |

| | | |
|---|---|---|
| | Түлкі: — Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, менің тапсырмаларым бар<br>1 - ден 5 - ке дейін сандарды тура және кері санау. Үш тілде санау.<br>Геометриялық пішіндерді ата және түстерін үш тілде атау.<br><br>Ал түлкі бүкіл тапсырманы орындадық енді шығатын шығарсын.<br>Жоқ менің тағы тапсырмаларым бар.<br>Қоян одан да бетер жылай бастайды. Сөйтіп қоян жылап отырғанда Аю кездеседі.<br>Жүргізуші: Сөйтіп аю қоянның үйіне, қоянмен бірге еріп келеді.<br>Түлкі: менің тапсырмаларым бар сол тапсырманы орындандар.<br>Көзге жаттығу жасайық.<br>Д/О «Қоянға кім не сыйлады?»<br>Д/О «Санның көршісін тап» қандай сан жоқ, сол санды жазамыз.<br>Д/О «Заттарға сандарды сәйкестендір»<br>Қаян нешеу?<br>Алма нешеу?<br>Ал түлкі енді үйді босат, тапсырманы орындадық енді шығатын шығарсын<br>Жоқ менің тағы тапсырмаларым бар. Қоян одан да қатты жылай бастайды. Қоян | шығады.<br>Аю:<br>— Қоян-ау, не болды? Сонша неге жылайсың?<br>Қоян: Жыламағанда қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.<br>Аю: — Жылама! Мен оны қуып шығамын.<br>Қоян:— Жо-оқ! Қуып шыға алмайсың. Итте қуып шыға алмады.<br>Аю:— Көресің, қуып шығамын.<br>— Түлкі, шық! Босат, қоянның үйін! — деп ақырады.<br><br>Әтеш: — КУ - КА - РЕ – КУ Қоян, қоян! Неге жылап отырсың? — деп сұрады.<br>— Жыламай қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.<br>— КУ - КА - РЕ - КУ, Сен Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын! КУ - КА - РЕ - КУ,<br>— Жо-жоқ! Қуып шыға алмайсың! Итте қуды, қуа алмады. Аю қуды, қуа алмады. Сен де қуа алмайсың!<br>— Жүр, көрерсің! |

| | | |
|---|---|---|
| | жылап отырғанда, оған Әтеш кездеседі.<br>Түлкі қорқып кетіп: «Қазір шығамын. Кииніп жатырмын», — дейді..<br>Түлкі; менің тағы тапсырмаларым бар.<br>Д/О «Көленкесін тап»<br>Мына түлкі әтештен де қорқпайды екен. Ал түлкі босат кәне қоянның үйін.<br><br>Түлкі сасқалақтап: «Қазір-қазір!» -дейді.<br>Маған үй жасап беріндерші.<br>Балалар геометриялық пішіндерден үй жасап береді.<br>Сөйтіп түлкі қоян үйін босатып береді.<br>Сөйтіп қоян түлкінің кеткеніне қуанып, әтештерге рахметін айтады.<br>Қоян: Рахмет сендерге, сендер менің үйімнен түлкіні қуып жібердіңдер.<br>Қоянмен қоштасып.<br>Тобымызға оралайық. | Қуамын!<br>Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.<br>— Шөп шабамын, шөп шабамын! Түлкіні іздеп табамын.<br>Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!— деп Әтеш қайта әндете бастайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Бізге бүгін қонаққа не келді?<br>Қоянға не болды?<br>Қоянға қандай жануарлар көмектесті?<br>Бірінші қандай?<br>Түлкі қоянның үйін босаттыма?<br>Белсенді қатысқан балаларды мадақтау. | -қоян<br>-үйін түлкі тартып алды<br>-ит, аю, әтеш<br>-ит<br>-иә босатты |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** 1 - ден 5 - ке дейін тура және кері санай білу. Геометриялық пішіндерді білу және түстерді ажырату.

**Болуы қажет**: Түстер туралы ұғымы, түсінігі қалыптасады.

**Жасай алады:** Сандарды, геометриялық пішінді және түстерін ажыратады. Зейіні, есте сақтау қабілеттері артады, ой өрісі дамиды.

**Х00043 21.12.2020**

**Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы**

**МУТАЛЯПОВА БАКЫТ САДУАКАСОВНА**
*Павлодар облысы Баянауыл ауданы*
*Баянауыл ауылының бөбектер бақшасы әдіскері*

Тіл - қоғамдағы адамдардың бір - бірімен пікір алысып, қарым - қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойындағы тілдік мәдениетті қалыптастырамыз. Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұра. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеуде отбасының, бала - бақшаның қажырлы еңбегі орасан. Бала - бақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі - баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы балабақшада өтілетін барлық сабақтарда (шығарма оқу, сауат ашу, сурет, математика, музыка, дене шынықтыру, т.б.) баланың жасына қарай жүргізіледі. Мысалы, жазда балабақша ауласында, «Жайлауға саяхат», «Дүкен», «Мұғалім», «Дәрігер», т.б. творчествалық ойындар өткізіледі. Бұл ойындарға қажетті материалдарды тәрбиешілер дайындап, балаларды қатыстыра отырып, өздері жасайды. Олар әзірленген түрлі түсті «кәмпит», «нан», «тоқаш», «құрт», «ыдыс-аяқ», «Жайлау» ойыны үшін жасалған киіз үй, үй мүліктері, төсек-орын, көрпе жастық, кілем, алаша — балалардың бұрын үйренген сөздердің дұрыс айтуға, бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысуға, бір-біріне әңгімелеп беруге мүмкіндік беретіні сөзсіз .Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсарин атамызда балаларды оқу және оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатындығын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай - қай тілде болса да, еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес» - деген болатын. Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі – олардың еліктеу, қиялдау қабілетінің басым болуы. Сол себепті

әрбір ата - ана, тәрбиеші баланың қойған сұрақтарына үнемі, дұрыс жауап берулері керек. Баланың тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Балаларға жасына қарай көркем әдебиет шығармаларын мазмұнын айтқызу, мақал - мәтел айту, жұмбақтар жасыру сияқты жұмыстарды да жүргізуге болады. Жұмбақ жаттау кезінде балалар өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта – жігері артып, жауапкершілікті сезінеді.

Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту мәселесі жаңа бағдарлама бойынша осы бағытта белгіленген. Алайда әлі оқи, жаза білмейтін балаларға жалпы тілге қойылатын талаптарды меңгерту, жаңа сөз үйрету, сөйлеу тәсілдеріне жаттықтыру, қоғам өмірінен, табиғат тіршілігінен тыс емес, осылармен тығыз бірлікте, сабақтаса жүргізіледі. Олай болса, тәрбиешілер тіл дамыту сабағын жоспарлағанда баланың өмірден алған әсерін, естіп, білгенін ұдайы ескеруге тиісті. Сөз үйретуге арналған сабақтар экскурсия, бақылау жұмыстарымен үйлестіріле жүргізіледі.

Тәрбиеші қай тақырыпта қандай бақылау, экскурсия, әңгімелесу, әңгімелету сабақтарын өткізгенде де балаға берілетін білім мен зат арасында шартты байланыс болуын ескерту керек. Әрбір тіл дамыту оқу қызметтерінде оқу қызметінің мазмұнына қарай диафильм ойыншық суреттер көрсетіп, әдеби шығармалар оқытылады. Сабақты осылайша көрнекі құралдарды пайдалана отырып, өмірмен, іс–тәжірибемен байланысты жүргізгенде ғана баланың санасында айналадағы дүние жөнінде айқын елес қалады.

Тіл дамыту, сөз қорын молайту сабақтарында баланы сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету ісіне баса назар аудару керек. Балалардың көбінің сөз ішінде кездесетін р, л, с, ш, ж, з, б, п, ф дыбыстарын айтуға қиналатыны байқалады. Кейде бала аталған дыбыстарды жеке–жеке дұрыс айтады да, сөз ішінде дұрыс айта алмайды.

Балалардың дыбыс қолдануында мынадай кемшіліктер кездеседі: сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, сөзде дыбыс қалдырып айту; сөз ішінде дыбыс алмастыру. Мысалы, қуыршақ–құршақ, қолғап–қолбақ, орамал-омалар – омайлар.

Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру жұмыстарын басқа сабақтарда (шығарма оқу, дидактикалық ойын, бақылау) оқу қызметінің мазмұнына қарай жүргізуге болады. Бала оқу жылы ішінде бағдарламада көрсетілген дыбыстарды түгелдей дұрыс айтатын болуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалар негізінен өте қарапайым түрде әңгімелейді және тек жай сөйлемдермен немесе көмекші сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Әсіресе көркем әдеби шығармаларды мазмұндап айтып беру қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшаларда айтарлықтай емес.

Сондықтан тәрбиешілердің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгендері дұрыс. әңгімелеуге үйреткенде мыналарды ескеру қажет:

- балалардың қойылған сұраққа дұрыс, толық жауап беруі;
- тәрбиеші қолданған күрделі сөйлемдерді қайталатқызу;
- өздеріне сөйлемдер құрату;
- сөйлемге қажет сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету;
- сөз жасау, сөзге түрлі жалғау–жұрнақтар қосып айтуға үйрету;
- суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиғаға) әңгіме құрату.

Оқу қызметінде қолданылатын әдістер тәрбиешінің сұрақ қойып жауап алуы, тапсырма беруі, түзетуі, көрсетуі, әңгімелеп беруі. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеп беруге үйретуде тәрбиеші шығарма мазмұнына сай сұрақтар бере білуі керек. Қойылған сұрақтар балаға ой салатындай, жауап беруге мәжбүр етерліктей, шығарма мазмұнын ашатындай, әңгіме желісін бұзбайтындай болуы керек.

**Х00047 21.12.2020**

## Глагол как часть речи

**ВАРАКИНА ОКСАНА ВИТАЛЬЕВНА**
***Алматинская область, город Текели, КГУ***
***"Средняя школа №8 с ДМЦ,Учитель начальных классов***

### Технологическая карта урока

**Тема урока. Глагол как часть речи**

**Цель урока: познакомить учащихся с новой частью речи «глаголом».**

**Задачи: учить подбирать глаголы к существительным, учить находить глаголы в тексте и подчеркивать их.**

**Ход урока**

| Этапы урока | Используемые стратегии | Формы работы | Деятельность учителя | Деятельность учеников | Время | Оценивание | Ресурсы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Орг. момент** | **Положительный настрой** | **Фр** | – Здравствуйте, уважаемые гости и дорогие ребята! Я приветствую вас на уроке русского языка.<br>– В природе есть | Здороваются. Настраиваются на урок | 1 мин. | Словесное поощрение учит | **Слайд 1** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | солнце. Оно светит и всех нас любит и греет. Так пусть же каждый его лучик заглянет к нам в класс и не только обогреет нас, но и придаст нам сил, аккуратности, уверенности в знаниях. | | | елем | |
| **Акту ализа ция** | **Минут ка чистоп исани я** | **Ир** | – А отправимся мы сегодня в лес.<br>– Но сначала подготовим наши руки и пальчики к письму.<br>(Гимнастика для пальцев.)<br>Руки поставьте на локти, разминаем по очереди пальцы на одной руке, а потом на другой.<br>**Пальцы делают зарядку,**<br>**Чтобы меньше уставать.**<br>**А потом они в тетрадке**<br>**Будут буковки писать.**<br>– Посмотрите, какой красивый лес. Изобразим его в тетрадях. Проведем минутку чистописания.<br>Заглавные буквы “Л” – это стройные | Выполн яют гимнаст ику<br><br>Выполн яют минутк у чистопи сания | 3 мин . | Само оцен иван ие смай лик | **Слай д 2**<br><br>**(Слай д 3,4)** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | деревья, строчные “м” – широкие кустарники.<br>– Чтобы войти в лес, нужно составить предложение из слов.<br>*в, извилистая, уводит, тропинка, лес*<br>– Запишите это предложение.<br>*Извилистая тропинка уводит в лес.* Давайте подчеркнем подлежащее и сказуемое. | | | | |
| | **Словарная работа** | **Ир** | По слайду | Пишут словарные слова | 3 мин. | Взаимооценивание смайлик | |
| **Вызов** | **Дерево предсказаний** | **Фр** | Наблюдение над ролью глаголов.<br>- Прочитайте текст.<br>№1<br>*Утро. Солнце. Лес. Лесные жители. Голосистый соловей. Трудолюбивый дятел. Зайчик под кустом. Мышки в траве.*<br><br>№2<br>*Наступило утро. Выглянуло солнце. Лес ожил. Проснулись лесные* | Читают текст | **7 мин.** | **Словесное поощрение учителем** | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | *жители.*<br>*Голосистый соловей запел. Трудолюбивый дятел застучал. Умылся зайчик под кустом. Зашуршали мышки в траве.*<br>- Как изменился текст и что его изменило? Почему неподвижная картинка ожила и как бы зазвучала? С помощью какой части речи это произошло?<br>- Как вы думаете какой будет тема нашего урока?<br>- Какие цели мы можем поставить на наш урок?<br>– Можно ли идти, бежать, лететь, не совершая действий? А теперь представьте себе мир без действий. Это будет застывший, неподвижный, где остановилась жизнь. Мы сегодня попробуем сделать жизнь настоящей с помощью … (глаголов).<br>– Почему же эта часть речи получила такое название? Вам хотелось бы узнать, | - Появились действия.<br>- Потому что добавились глаголы.<br>- Глагол.<br>- Познакомиться с глаголом.<br><br>Слово “глагол” в старославянском языке означало слово, речь. Предки наши | | | **Слайд 5** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | откуда взялось это странное слово? Послушайте своего товарища. | рассматривали его как слово из слов – важнейший вид слова. Ведь глагол -одна из двух частей речи, без которых не построишь предложения, не передашь собеседнику никаких сообщений. По частоте употребления, глагол занимает второе место после имени | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | существительного | | | |
| **Осмысление** | «Найди» | **Пр** | Работа в паре с карточками.<br>*Прочитайте. Как называются слова каждой группы? Найдите глаголы, запишите их:*<br>*1) зеленый, зелень, зеленеет*<br>*2) старичок, старый, стареет*<br>*3) петь, пение, певец*<br>*4) звон, звонит, звонкий*<br>*5) кричат, крикливый, крикун.*<br>– Что общего у слов в каждой группе?<br>– Что обозначают слова в группах?<br>– Как среди слов со значением действия или признака найти глаголы?<br>– Сделайте вывод: Как отличить глаголы от других частей речи? | (действие, предмет, признак.)<br><br>- Глагол обозначает действия и. | **3 минуты** | **Самооценивание по слайду смайлик** | |
| | Подбери | **Ир** | Найдите существительным пару и соедините стрелочкой<br>Ворона — каркает<br>Собака — хрюкает | Группируют слова | **2 минуты** | **Взаимооценивание смайлик** | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Волк мяукает<br>Кошка лает<br>Свинья воет<br>Топором бреют<br>Пилой режут<br>Ножом пилят<br>Бритвой гладят<br>Утюгом рубят | | | | |
| | Караван | **Гр** | Работа с текстом.<br>Караван<br>Верблюд хорошо (что делает?) условия жизни в пустыне. Неторопливо (что делает?) караван мерным шагом в песках. Верблюды не (что делают?), но у них широкий шаг. (Что сделаешь?) от каравана и не (что сделаешь?) его даже бегом. Последний верблюд (что сделает?) за барханом и (что не сделает?)<br>***Слова – помощники:*** | Читают текст. Переписывают. Подчеркивают.<br>- существительным<br>- глаголо | **5 минут** | **Взаимооценивание «Три хлопка»** | **Слайд** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***шагать, переносить, мелькнуть, торопиться, исчезнуть, отстать, догнать.***<br>**- какой частью речи выражено подлежащее?**<br>**- какой частью речи выражено сказуемое?** | м | | | |
| Рефлексия. | **Экран достижений «Маятник»** | **Ир** | 1. сегодня я узнал…<br>2. было интересно…<br>3. было трудно…<br>4. я понял, что…<br>5. теперь я могу…<br>6. я научился… перед вами маятник. Одна картина с плохой погодой, а другая с хорошей. Эта погода определяет ваше настроение. | **Отвечают на вопросы**<br><br>**Приклеивают стикеры.** | **3 минуты** | **Анализ учителем** | **Слайд** |

**X00050 21.12.2020**

## Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

**ЖАНСЕИТОВА АСЕЛЬ АЛИПБАЕВНА**
*Алматы облысы Кербұлақ ауданы Аралтөбе орта мектебі*
*МДШО КММ Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Мақсаты: Критериалды бағалау жүйесін қолданудағы іс-тәжірибемен бөлісу, аталған бағалау жүйесінің артықшылығы мен маңыздылығына тоқталу.

Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек… Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді»,-деген. Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы

Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша

қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония,

Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі

халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау

машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

Критериалды бағалау технологиясын енгізудің мақсаты:

• Мектепте оқыту сапасын жоғарылату

• Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:

• алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;

• анық, айқындылығы;

• бағаның әділдігі;

• өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критериалды бағалау технологиясы арқылы бағаның қойылуы:

• Критерий бойынша оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі белгіленеді

• Нақты балдар немесе бағалар қойылады

Анықтамасы :

Критериалды бағалау технологиясы-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына

негізделген оқушының оқу- танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі .

Бағалауды қолданудың екі тәсілі:

• Қалыптастырушы бағалау- ( formative) баға жақсарту мақсатында
жасалатын қадамдарды анықтау үшін ағымдағы жағдай туралы
мәліметтер алуға қолданылады.

• Жиынтық бағалау- (summative) өтілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау Қалыптастырушы бағалау –сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады.

**V00068 18.12.2020Ж.**

## «ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ».

**КАПЫШОВА МЕРЕКЕ КУРМАНГАЛИЕВНА**
Алматы облысы Талдықорған қалшасы
«Bambini» балабақшасы тәрбиеші.

*"Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс.Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің* ***онлайн-жүйелерін*** *белсене дамыту керек болады.Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз.Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет»*- деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқанындай бүгінгі таңдағы мектептерде, коледждерде, арнаулы техникалық оқу орындарында және де ЖОО-да онлайн оқыту жүйесін енгізу басты міндет және заман талабы болып отыр.

**Бүгінде еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі күннен-күнге артып келеді. Осы орайда әлемдік тәжірибеде қашықтықтан білім берудің орны ерекшеленіп тұр.** АҚШ-та 1 миллионнан астам адам қашықтықтан оқыту арқылы білім алса, Францияның ұлттық қашықтықтан оқыту орталығы жыл сайын әлемнің 120 мемлекетінен 35 мыңнан астам қолданушыларды қамтамасыз етеді. Ал Түркияда алыс аймақтағы тұрғындарға мамандық алуға көмектесу мақсатында 1974 жылдан ашық университет жұмыс істейді екен. Қосымша сабақ ретіне теле-радио арқылы курстар өткізеді. Осылай 12 000-нан астам қолданушыларды игереді.

Қазір дәстүрлі қашықтықтан оқыту, электронды қашықтықтан оқыту, аудиториялық сабаққа түрлі электронды құралдарды пайдалану сияқты қашықтықтан оқыту үлгісінің 2000-ға жуық түрі бар екен. Соның ішінде еліміздің жоғары оқу орындарында кейс, желілі және телевидение сынды ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының көмегімен қашықтықтан оқыту түрі таңдалған-ды.

Бұл оқыту әдістемесінің мүмкіншіліктеріне тоқталар болсам, қазіргі таңдағы жағдайы төмен, жартылай кеміс, жетім және де мүмкіншілігі шектеулі жандар еліміздің түкпір – түкпірінде білімсіз болып қалып қояда. Бұған себеп өте көп. Мысалыға әлеуметтік жағдайы, денсаулығы және тағыда басқа көптеген мәселелер бастан асады. "Кез-келген Қазақстан азаматы орта білімді тегін алуға құқылы",- деп Ата заңымызда айтылғандай, кез-келген кемтар балалар, төсекке таңылған мүмкіндігі шектеулі жандар болсын үйінде отырып-ақ, мұғалімдермен келісіп отырып, орта білім болсын, жоғары болсын дәріс ала алу мүмкіншілігіне ие болады. Осы мәселелердің тиімді де әрі оңай шешімі - ***қашықтықтан оқыту жүйесі деп ойлаймын***.

Бұл оқыту жүйесінің тағы да мүмкіншіліктері,яғни шетелдік тәжірибеге сүйенсек, қашықтықтан оқытудың тиімділігі – студенттің университетке бармай-ақ, өзіне ыңғайлы жерде отырып, берілген тапсырманы орындай беретіндігі, яғни уақыттың ұтымдылығы, екіншіден, оқу ақысының арзан болатындығы, шалғайдағы шетел жоғары оқу орнын елде жүріп-ақ оқып, диплом алу мүмкіндігінің болуы.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ.

Егер Қазақстан ендігі елу жылда әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына енуін көздесек, ұлт Көшбасшысының стратегиялық жоспарын жүйелі түрде жүзеге асыруға аянбай атсалысуымыз керек. Бұған әрбір ғалым, әрбір жекелеген оқу орны өз үлесі мен күшін қосуға міндетті. Осы орайда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті білім берудің бірқатар

жаңа технологияларын енгізгендігін айтқанымыз жөн. Мәселен, соңғы кездері оқу орнының базасында қашықтықтан оқыту технологиясы дайындалып, арнайы орталық құрылды. Жаңа тәсілдің қыр-сырын меңгеруге алдымен оқытушылар құрамы жұмылдырылды. Университеттің тың ізденісінің нәтижесінде аймақтағы өзге де оқу орындары мен түрлі мемлекеттік және жекелеген ұйым өкілдері де қашықтықтан оқыту орталығы арқылы өз білімдерін жетілдіруге құштарлық танытып отыр. Қашықтықтан оқытуда негізгі күш – электронды технологияларды басқарып отыратын оқытушыға түседі. Мұны саланың тілінде ***тьютор*** деп атайды. Жоғары біліктілігі бар кәсіби маман мол ақпараттар шоғырын пайдалана отырып, орталыққа тіркелген студенттерге тапсырмаларды беріп, іздену көздеріне бағыттап тұрады. Сонымен бірге олардың жинақтаған білімдері аясында міндеттерді қаншалықты еңсергені жөнінде де бағалай алады. Әрине, электронды оқыту жүйесін мықтап меңгерген маман табу оңай емес. Сондықтан да М.Әуезов атындағы ОҚМУ өздерінің кәсіби біліктілігі жоғары ғалымдар тобын қайта даярлаудан өткізіп, тьютор-оқытушы ретінде қалыптастыруға күш салып келеді. Қазіргі кезде осындай әдіспен 500 оқытушы қайта даярлық курстарын аяқтап, арнайы сертификатты иеленіп, қашықтықтан оқыту маманына айналды.

Заманауи жүйені жан-жақты жүргізу үшін университет басшылығы тың тәсілді ертеректе жолға қойған жоғары оқу орындары, арнайы орталықтармен тығыз байланыс орнатқан. Атап айтқанда, Ресей халықтар достығы университеті және Новосібір мемлекеттік университетімен бірлесіп, халықаралық құқықтанушы, менеджмент мамандарын даярлайды. Сол сияқты қытайлық оқу орындарымен IT-технологиясы мен нанотехнология магистранттарын оқыту жөніндегі келісімдер аясында қоғам сұранысындағы ерекше кәсіп иелерін қалыптастыруда. Білім саласындағы соңғы өзгерістерді жүзеге асырудың арқасында германиялық ASIIN аккредитациялау агенттігі оқу орнының қызметін жоғары бағалап, арнайы белгісін де тапсырды. Қашықтықтан оқыту орталығына еліміздің азаматтарын молынан тартуды да көздеп, бекітілген бағдарлама аясында жұмыс жүргізуге көштік. Бұл жүйені Атырау мұнай және газ институтының, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың, Рудный индустриялық институтының шәкірттері де пайдалануда. Өздерінің болашағына байыппен қарап, жастық кезеңін мол білім алуға арнаған жастардың ертеңгі күні өкінбейтіні анық

Елбасы Жолдауында айтылғандай, еліміздегі әрбір ғылыми орталық, яғни жоғары оқу орындары өз базасының аясында отандық ғылымды дамытудың салалы жолдарын қарастыруы қажет. Бәсекеге қабілетті ұлтты ұйымдастыратын да, ұмтылдыратын да ұрпағы. Ұлы кемеңгер Мұхтар Әуезовше айтсақ, «Адам мен адамды теңестіретін күш – білім». Осыларды межеге алып, тынымсыз ізденісті жалғастырғанда ғана әлемдегі ең дамыған

мемлекеттермен тереземіздің теңесетіндігі анық.

Қашықтан білім беру үрдісі білім беруді басқаруға арналған модульді, объектті-бағытталған «Moodle» жүйесіне негізделген. Бұл жүйе Қашықтын Білім Беру Жүйесі ретінде Еуропа елдерінде кеңінен таралып, танылған. «Moodle» тұғырнамасы Open University (UK), Microsoft (US), Google (US) и Istituto Superiore di Sanità - ISS (Italy) сияқты ұйымдардың белсенді дамытуы мен қолданысында. Мысалыға алар болсақ алдыңғы жылда Американдық жоғарғы оқу орындары онлайн оқыту жүйесінде көшті, сол жайлы қысқаша мағлұмат бере өтсек:

**"Американдық жоғарғы оқу орындары онлайн оқыту жүйесінде көшті. 2012 жылдың 2 мамырында Кембриджде (АҚШ) өткен баспасөз мәслихатында Гарвард университеті мен Массачусет технологиялық институты өкілдері бірлескен *edX* қашықтықтан онлайн оқыту жобасы іске қосылғандығы туралы мәлім етті.**

**Жоғарғы оқу орындары өкілдеріне сілтеме жасай отырып, Лента.ру хабарлағандай, олар *«онлайн оқыту жүйесінде төңкеріс»* жасамақ, яғни оны тегін, сапалы және барынша қолжетімді етпек. Онлайн оқытуға жобаны жасаушылар лекциялардың видеокурсын ғана емес, сынақтама, оқытушы жағынан бақылау мен топтағы қарым-қатынасты қамтитын қашықтықтан оқыту сабақтарының толық кешенін енгізіп отыр. Аталмыш мақсатта *edX* авторлары оқу үрдісін қадағалап қана қоймайтын, сонымен қатар қолда бар бағдарламаларды жақсарту мақсатында оқушылардың жүріс-тұрысын сараптайтын арнайы бағдарламалық қамсыздандыруды құрмақ. Оны авторлар қолжетімді етіп жасайтын болады және де өзге де білім шаңырақтарын бағдарламаны қолдануға шақырады."-** деп хабарлады Лента.ру сайтында.

Қазіргі таңда қашықтан білім бері үрдісін қамтамассыздандыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де жене М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да т.б жоғарғы оқу орындарында заманауй компьютерлік технологияларды сонымен қатар электронды оқулықтар мен виртуалды зертхана кешендері өндірісінде өте жаңа өңдеулерді қолдана отырып, электронды оқу материалдарын белсенді түрде әзірлеуде. Білім беру скринкасттарын, видеодәрістерін және подкасттарын даярлау үшін білім беру аудио-видео материалдарды жазатын, өңдейтін және трансляциялайтын жаңа программалық қамтамассыздандырулар қолданылады. Қашықтан білім беру курстарының көбі видеодәрістермен қамтамассыздандырылған және интернет жүйесі арқылы оқытушымен реалды уақыт тәртібінде online тілдесу мүмкіндігін береді.Қашықтан білім беру үрдісінің қатысушылары арасында online байланысты қамтамассыздандыру үшін дәрістерге, студенттердің бітіру жұмыстарын қорғауларына қатысу әсерін толығымен қамтамассыздандыратын ***Adobe Connect*** заманауй онлай видео конференциясы қолданылады. Қашықтан білім беру үрдісі кез келген уақытта

қол жетімді және студенттер мен оқытушылардың орналасу жерінен тәуелсіз. Қазіргі заман талаптарына сай және біздің еліміздегі жетекші мамандарының заманауи ақпараттық технологиялары пайдалана отырып өңдеген, қашықтықтан оқитын курстар ұсына алады.

Сонымен қатар онлайн жүйесімен оқытумен қоса электронды оқыту жүйесі де кеңінен қолға алынуда. Сол жайында қысқаша мағлұмат бере өтсек: 2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Республикада

**E-Learning электронды оқыту жүйесін** енгізу көзделген. 2015 жылға электронды оқытумен білім беру ұйымдарының 50 пайызын қамту, 2020 жылға көрсеткішті 90 пайызға дейін жеткізу мақсаты қойылған. Электронды оқыту E-Learning жүйесі жаңа ақпараттық қатынастық технологиялардың кең мүмкіндігі арқылы жалпы орта білім берудің көптеген маңызды мәселелерін шешуге ықпал етеді.

*Атап айтсақ:*

- *Оқыту үшін аумақтық шектеудің болмауы;*
- *Оқытудың өзіндік ырғағын таңдау мүмкіндігі;*
- *Оқытудың алуан түрлі құралдары мен әдістері;*
- *Жоғарысапалыматериалдарғақолжеткізу.*

**V00060 18.12.2020Ж.**

**Тақырыбы: «ҮЙШІК» (ертегі)**

**АЙТЕЛЬБАЕВА ЖАННА БАЙДАУЛЕТОВНА**
Алматы облысы Балқаш ауданы Бақанас ауылы
«Жасұлан» балалар бақшасы тәрбиеші.

**Мақсаты:** Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беруге үйрету.

А)**Білімділік:** Пропп карта туралы білім беру, ертегі туралы білген білімдерін бекіту;

Ә)**Дамытушылық:** балалардың еске түсіру, қиялын, тілдік қатынастарын жетілдіру, сахналап, әңгімелеп беруге дағдыландыру.

Б)**Тәрбиелеу:** балалардың адамгершілік сезімдерін ояту.

**Әдіс-тәсілдер**: сұрақ- жауап, әңгімелеп беру, мәнерлеп оқу, көрсету, талдау, пропп картамен жұмыс жасау, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий әдісі, сюжеттік-рөлдік ойын, алты қалпақ, Мурашковский әдісі.

**Билинг- компонент**:аю- bear, тышқан- mouse,қоян –rebbit,

**Сөздік жұмыс**: Жауап қатпады –ешкім жауап қайтармады.

**Пайдаланатын құралдар**: Пропп карталар, ертегі мазмұнына сәйкес салынған суреттер, етістікті тірек-сызбалар,Кольцелулий карталары, дүрбі, магнитафон, 3D көзілдірігі т.б.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбер: «Сиқырлату»<br>М: Понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсете білуге үйрету.<br>Дид. ойын:«Аңдардың тіршілігін ажырат» (Кольцеулий әдісі арқылы)<br><br>М: берілген аңдардың атын атап, қажетті суретпен сәйкестіруге , өзгергенін ажырата алуға үйрету.<br>-Ертегілерде аңдар кездесе ме?<br>-Қандай ертегілерді білесіңдер?<br>-Ертегілерді жақсы көресіңдер ме?<br>-Олай болса мен сендерді Ертегілер еліне апарып, театрда «Үйшік» ертегісімен танысамыз. | Балалар пontамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсетеді.<br><br>Кольцелулий әдісі арқылы аңдардың тіршілігін ажыратады.<br><br>(Білгендерін айтады)<br><br>Берілген аңдарды атап, қажетті суретті тауып, сәйкестіреді.<br>-Иә, кездеседі.<br>-«Аю мен Маша», «Түлкі мен қоян», «Үш аю», «Бауырсақ» т.б.<br>Балалар сиқырлы кілемшеге отырып, Ертегілер еліне әуен арқылы ұшып барады.<br>«Үйшік» ертегісімен танысады.<br><br>Балалар |

| | | |
|---|---|---|
| |   Алдын-ала мен билет алып қойдым, барып Сиқырлы кілемшеге отырып ұшып барайық. | билеттерін алып, сәйкес суретке барып отырап, көзілдіріктерін киеді. |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Ертегіні театрға барып, 3D көзілдірігін киіп, ертегімен танысады.  Мурашковский әдісі арқылы ертегімен таныстыру.  Алаңда бір үйшік тұр екен.Жертесер тышқан жүгіріп келіп..................................................................................... Жаңа сөзбен таныстыру: «Жауап қатпады» -Үйшікте не байқап қалды? -Одан кейін нелер келді? | Балалар театр орталығына барады. Ертегімен танысады. Мурашковский әдісі арқылы ертегімен танысады. Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады. Ертегінің мазмұнын тыңдап |

| | | |
|---|---|---|
| | -Соңында үйшікпен не болды?<br>Сергіту сәті:<br>Етістікті тірек- сызба арқылы қимылдар жасайды.<br><br>Балармен қайтадан топқа оралып, ертегіні Пропп картаға салып әңгімелеу.<br> | отырады.<br><br>Жаңа сөзбен танысады.<br>-Қоян кездесті.<br>-Түлкі, тышқан,аю...<br>-Жаңадан үй салды.<br>Етістікті тірек-сызбалар арқылы жаттығу жасайды.<br>Карточкаларды көрсетіп, ертегіге салынған белгілерді ажыратады.<br>Ертегіні Пропп карта арқылы тамашалайды.<br>Ортаға екі бала шығып ертегіні әңгімелеп береді. |
| Рефлексивті-түзетушілік | 6 қалпақ арқылы қорытындылау:<br>-Көңіл күйін қандай?<br>-Қандай әрекет жасадың?<br>-Шығармашылық<br>-Қандай жаңалық алдың?<br>-Пропп картаме не істедік?<br>Бағалау: «Смайликтер» арқылы мадақтау. | Балалардың жауаптары:<br>-Көңіл күйім жақсы.<br>-Театрға барды, ертегі тындадым.<br>-Ертегіні әңгімелету.<br>-Жаңа сөзбен таныстым: Жауап қатпады.<br>-Пропп карта арқылы ертегімен таныстық. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Не білді?** Пропп карта туралы түсінік алды;

**Не меңгерді**?Ертегіні әр түрлі тәсілдер арқылы әңгімелеп береді;

**Не игеру керек?** Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беріп, сахналай алады.

**V00061 18.12.2020 ж**

## Тақырыбы: «ҒАРЫШҚА САПАР».

**АЙДЫНБЕКОВА АЙГЕРИМ СЕЙСЕНБЕКОВНА**
Алматы облысы Балқаш ауданы Бақанас ауылы
«Жасұлан» балалар бақшасы тәрбиеші.

**Мақсаты:**

**Білімділік**: балалардың ғарыш, әлем туралы ұғымдарын қалыптастыру, Күн, жұлдыздар, Ай, Жер, ғаламшар жайлы мағлұматтар беру, іс-әрекетте балалардың геометриялық пішіндерді естеріне түсіру.**Дамытушылық:** балалардың ақыл-ойын іс-әрекетте қызығушылықтарын дамыту, қимыл-қозғалыстарын жетілдіру.

**Тәрбиелік:** айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Балалар, бүгін бізде тіл дамыту іс-әрекеті. Іс-әрекеттің тақырыбы «Ғарышқа сапар».

**Шаттық шеңбер**

Қайырлы таң,
Ормандар мен далалар.
Қайырлы таң,
Достасқан бар балалар.
Қайырлы таң,
Біздің балабақшамыз.
Қайырлы таң,
Ғаламшарымыз.

**Жұмбақ жасыру.**

Ұшады қанатсыз
Зырлайды аяқсыз (ЗЫМЫРАН)

**Сұрақ-жауап.**

-Балалар ғарышқа немен ұшады? (Зымыранмен ұшады)

-Зымыранды қандай геометриялық пішіндерден құрастырамыз?

(Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек)

-Енді осы бөлшектерден зымыранды құрастырайық. Сол құрастырған зымыранмен ғарышқа ұшатын боламыз. (Зымыран құрастырады)

-Міне, ғарыш әлеміне де келіп қалдық. Балалар кеш түсіп, аспан қараңғыланады. Біз аспаннан нені көреміз? (жұлдызды аспанды көреміз.)

-Бұл не? (жұлдыздар, планеталар)

-Осыларды бір сөзбен қалай атауға болды? (Ғарыш)

-Бүгін міне, осы ғарыш туралы әңгімелейтін боламыз.

-Балалар, аспанда қанша жұлдыз бар? (Көп)

-Дұрыс.

Күн сайын аспаннан көп көретін, бізге жылуын беретін күн, ол аспандағы көп жұлдыздың бірі. Ол басқа жұлдыздардан бізге жақын тұрғандықтан үлкен және дөңгелек болып көрінеді. Күн- ең үлкен және ыссы жұлдыз. Ыстықтан оған жақындай алмайсың. Тіпті оған қарай алмайсың: тым жарық.

-Кім айтады, күн қай бағытта , қалай жүреді? (балалардың жауабы)

-Дұрыс. Күн сайын күн Шығыстан шығып, Батысқа батады. Күн біздің жерді айналып жүрген сияқты көрінеді. Бірақ тіптен олай емес. Негізі біздің жеріміз және басқа планетелар күнді айналады. Күнді және оны айналып жүрген планеталарды күн жүйесінің құрылымы деп атаймыз. Қайталайықшы.

Балалар: Күн жүйесінің құрылымы.

-Міне, күн жүйесінің құрылымы. Күн-жүйесінің орталығы болып саналады.

-Күн жүйесінде неше планета бар? (9 планета бар)

-Кім атап береді? (Меркурий, Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон)

-Ал балалар, осы планеталарды біз аспанға қарап көре аламыз ба? (Жоқ)

**Сергіту сәті:**

Аспан, аспан, арайлым,
Саған жиі қараймын.
Сені көзбен шоламын,
Мен ғарышкер боламын.

**Ойын «Ұшты,ұшты».**

-Ал кім айтады ғарышқа немен ұшады? Ұшақ, тікұшақ ұша ма? (Зымыранмен ұшады)

-Дұрыс. Ғарышқа зымыранмен ұшады.

-Ал ол зымыранмен ұшатын кімдер? (Ғарышкерлер)

-Ең алғашқы ғарышқа ұшқан ғарышкер кім (Юрий Гагарин)

-Ал ең алғашқы қазақ ғарышкерлерін атаңдаршы. (Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов)

Ғарышкерлер туралы тақпақ айту.

Жерден басқа планеталарда тіршілік жоқ, ауа жоқ, сондықтан да ғарышкерлер арнайы киім киеді. Оны – скафандр деп атайды. Ғарышкерлерге

арналған бұл киім арнайы жабдықталған, бұл киімнен ыстық та, суық та өтпейді және арнайы сөйлесу ұшін радиомен жабдықталған.

Балалар кім айтады күн жүйесіндегі тоғыз планетаның ішінде тіршілік бар, өмір сүруге болатын планета қалай аталады дедік? (Жер)

**Қорытынды:** Біз бүгін не жайында айттық? Ғарышкерлерден кімдерді білесіңдер? Жұлдыздарды беріп мадақтау.

**Х00027 21.12.2020ж.**

# «ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ».

**АБЖАППАРОВА МУХАББАТ ПОЛАТОВНА**
Түркістан облысы Кентау қаласы Жүйнек ауылы
МКҚК «Шаттық» бөбекжай-балабақшасы тәрбиеші.

**«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып , оның шығармашылық қабілетін дамытады ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес» В.А.Сухомлинский**

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірі – ойын технологиясының қолдану арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмысының арқауы болып отыр. Ойын технологиясы дегеніміз- педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны.

Ойын- оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Н.Крупская .

Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану – өмір талабы. Сондықтан да оқыту үрдісінде қойылатын қазіргі талаптар тәрбиешіден үлкен ізденіс пен шеберлікті қажет етеді.Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық , әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді.Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.

Ойын- балалар үшін оқу да, еңбек те. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметін оқытуда тәрбиеші мен балалар арасындағы жаңа қарым-қатынас қалыптастырып,

балалардың берілген тапсырмаларды талдауына, салыстыруына, өз беттерінше әрекет етулеріне, яғни ой еркіндігіне зор маңыз береді. Сөйтіп, балалардың зейін қойып ойлауы мен тапқырлығына мүмкіншілік туғызып, ойларын одан әрі дамытуларына жол ашады. Бүгінгі бала - ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеуші ғалым Ф. Янушкевич «Жаңа технологиялық сабақ педагогтың өз тәжірибесін жаңғыртуға емес, баланың пайдасына, қажеттілігіне арналуы қажет, сонда ғана сапалы нәтиже болады»-деген.

**Менің де тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым – балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар, олардың шығармашылық ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыру.** Сол себепті ұйымдастырылған оқу қызметін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, құштарлығын танытуға бағыттаймын. Соңғы кездері өз тәжірибемде ойын технологиясының элементтерін қолданып келемін. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын технологиясының элеметтері балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға, ойнай отырып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді. Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені, балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауып отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды.Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Ойын – бұл баланың өзінше еңбегі. Жалпы өмірде ойынның да қоғамдық мәні бар. Ойын барысында белгілі бір әрекет жасай отырып, бүлдіршін қоғамдық өмірге қатысудың алғашқы үлгісін алады, ересектермен арадағы қарым-қатынастың байланысын түсінеді. Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған, белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын ұстамдылық тәртіптің көрінісі болып табылады. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады.

Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес» - десе, ғалым Е.А.Покровский өзінің балалардың ойындарына арнаған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді. Ойын – таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, мен – оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отырамын. Баланың ойынында да белгілі бір дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс.

Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын арқылы бала тілін дамыту Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі.

Ойынның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның,негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.

Ойынньң түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнайды.

Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті - рольді, драматизиялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Сюжетті рольді ойындар - мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті - рольді ойындарының ерекшелгі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті - рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді. Драматизиялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжетті мен мазмұнына сәйкес болады.

Ол сюжетті - рольді ойынға ұқсас. Драматизия ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Құрылыс ойыны - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс - әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рольді: ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қаралады. Олардың қайнар көзі біреу - қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде кетрлер, стадиондар, театрлар, цирктер т. б. ірі құрылыстар салады.

Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тең оқыту формасы болып табылады. Ойын ой мен қимылды ұштастыру непзінде жургізу керек, Мысалы: «Сиқырлы қақпаның сырын ашайық» деген ойында балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға коядым. Ойын міндеті қақпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойынның нәтижесіне қандай жолмен болса да жету емес, балардың білімді игеру, ақыл - ой қызметін дамыту да, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерін көрсетеміз. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережесін ой елегінен өткізе білу т.б. Олар балалардың.







түйсік жене қабылдау қабілеттерін дамытуға,




ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруге көмектеседі Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға жене жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке - психикалык дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимылды ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым - қатынасын, баланың мінез - құлқын анықтайды. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруга болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамак» т.б. ойындар жатады. Баланың бірінші даму кезеңі ойын арқылы жетіледі. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, өйткені бала жәй дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді.
Ойын — балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рольдік ойындарда барлық балаларға бірдей роль тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-

қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал біз тек бағыттаушы боламыз. Рөлдік ойындардың негізгі талаптары Ойын балалардың тілге деген қызығушылығын арттыруы қажет. Сонымен қоса, ең бастысы балалар өздеріне лайықты рольді өзі тандап алған жөн. Сонда ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады. Рольдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс. Бала өзін рольде неғұрлым еркін сезінетін болса, ол соғұрлым қызыға ойнайтын болады. Осындай шарттар бойынша дайындалған материалдар қолданылса ойын соғұрлым жоғары тиімділік береді. Бастапқы кезде балалардың ынта-жігерін бақылап аламын. Сөйтіп, бақылаушы бола бастаймын. Ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай жағдайда баланың қызығушылығы төмендейді. Қандайда болсын ойынды таңдауда баланың жеке психологиялық қабілетін де ескерген жөн. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайтынды. Тапсырмаларды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір –біріне әділ баға беруге үйренеді. Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі . Мен ойын арқылы білімді меңгертіп және оны бекіту үшін дағды мен әдетті қалыптастырамын . Балабақша жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін өткіземін :

1.Ойыншықпен ойналатын ойындар.
2. Үстел үстінде ойналатын ойындар.
3. Сөздік ойындар .

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар , сондай-ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін , есте сақтауын дамытуға көмектесемін .

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құралады : Дидактикалық тапсырмалар, мазмұн , ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент – дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Қорыта айтқанда , ойын-баланың жан серігі , ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ , оп-оңай көрінуі мүмкін . Ал, іс-жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді .Мектепке дейінгі мекемелелердің оқытудағы негізгі міндеті : сәбилер тобынан бастап балаларға білім, дағды, іскерлікті берумен қатар ойлау қабілеттерін қалыптастырып балаларды ойлау жұмысына дайындау. Ойын араласқан оқу қызметі тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.

**X00028 21.12.2020ж.**

**Тақырыбы: «КҮЗГІ ОРМАНҒА САЯХАТ»**

**БАКБЕРГЕНОВА ЛАУРА ОРЫНТАЕВНА**
Алматы облысы Балқаш ауданы Ақдала ауылы
«Балауса» балалар бақшасы тәрбиеші

**Мақсаты:** Балаларды орман тұрғындарының тіршілігімен, күз ерекшелігімен таныса алады және орманда қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгере алады. Табиғатты сүюді және қамқор болуды түсіне біледі.

**Міндеттері.** Күз мезгілінің белгілері, орман тұрғындарының күзгі тіршілігі туралы білім алады.ормандағы қауіпсіздік ережелерін сақтай біледі.

2.Сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу,сөйлеу, есту қабілеттерін және қоршаған ортаға, орман тұрғындарының тіршілігіне деген қызығушылықтары артады.

3. Қоршаған ортаны қорғауға, мейірімділікке тәрбиеленеді.

**Қажетті материалдар:** қоянның, тиіннің, кірпінің жұмсақ ойыншықтары, ағаштың көрінісі, шырша.жапырақтармен безендірілген тақта, қоянды сипаттауға арналған текше. «Тиіннің қысқы азығын жина» дидактикалық ойынына қажетті заттар (бүршіктер мен саңырауқұлақтар).Орманда қауіпсіздік ережелерін сақтауға байланысты картинкалар.

**Сөздік жұмыстар**: ағаш ойығында, үлпілдек, тікенекті,

**Қостілділік:** күз-осень, қоян-зайка,тиін-белка, кірпі-ежиик, орман-лес.

**Барысы.**

Балалар музыка залына кіреді.

**Шаттық шеңбері.**

Біз қандаймыз, қандаймыз.
Шұғылалы таңдаймыз,
Күлімдеген күндейміз,
Ренжуді білмейміз,

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де,
Атқан таңға қарап!

**Тәрбиеші:** -Балалар, жаңбыр жауып, жел соғады. Егіншілер егіндерін жинайды, құстар жылы жақтарға ұшып кетеді, адамдар жылы киімдерін киеді, жапырақтар сарғайып жерге үзіліп түседі. Айтыңдаршы, бұл жылдың қай мезгілінде болады?.

Балалар: Күзде.

**Тәрбиеші**: Әрине бұл жылдың күз мезгілінде болады.

-Ия, айналамызға қарап, өлкемізде күз мезгілі екенін байқауымызға болады.

(Тәрбиеші балалардың назарын жерде жатқан үлкен жапыраққа аударады)

**Тәрбиеші;** -Балалар , мұнда үлкен, ерекше бір жапырақ жатыр, жапыраққа жазу жазып қалдырыпты, оқып көрейік.(күзгі орманға шақырылған хатты

оқиды. )

**Тәрбиеші**: - Балалар, орманға барғыларың келе ме? (Балалардың жауабы)

**Тәрбиеші:** - Орманға бару үшін қандай көлікке отыруымызға болады? (Балалардың жауаптары - машинамен, автобуспен, пойызбен т.б.)

**Тәрбиеші:** Ендеше автобуспен барайық және автобусымызды ретке келтірейік.

**Саусақ жаттығуы**.

Біз орманға бару үшін,
Дөңгелекке жел береміз ш-ш-ш.
Бензин бакті толтырамыз с-с-с
Саяхатқа шығуға,
Дайын болды машина би-би-би.

**Тәрбиеші**. – Міне атвобусымыз да дайын болды. Енді билеттеріңді алып, орындарыңа жайғасыңдар. (балаларға геометриялық пішіндер белгіленген билеттер таратылып беріледі, соған қарап орындықтарын табады).

**Музыкалық әуен орындалады.**

Міне, орманға да келіп жеткен сияқтымыз. Билеттеріңді орындарыңа қойыңдар.

Маған жақын келіңдер.

**Музыкалық әуен (Күз туралы)**

-Сәлеметсізбе , ертегімен таңғажайыптарға толы орман! Балалар расымен де біздер күзгі орманның ғажайыптарға толы екенін сезініп тұрмыз. Қазіргі кезде бұл орманның иесі -**күз**!. Ал, күз мезгілінде қандай өзгерістер болады, сендер қандай өзгерістерді сездіңдер? (жаңбыр жауады, жел соғады, жапырақтар сарғайып жерге түседі, құстар жылы жақтарға ұшып кетеді, адамдар жылы киімдерін киеді). **Тәрбиеші**: Жарайсыңдар, дұрыс айттыңдар. Қараңдаршы, жерде не төгіліп жатыр? (жапырақтар) -Олардың түстері қандай? (балалардың жауаптары: түрлі-түсті; қызыл, жасыл, сары) **Тәрбиеші:** -Ия алуан түстегі жапырақтар орманның сәнін келтіріп тұр. -Балалар орман дегеніміз не? Орманда нелер жасайды?(балалардың жауаптары; жәндіктер, құстар, өсімдіктер, жабайы жануарлар) **Тәрбиеші:** Ия, орман құстармен аңдардың, жәндіктермен өсімідіктердің мекені, Қараңдаршы , анау биік ағаштың басында не отыр?

-Тиін.   -Тиіннің түсі қандай?

-Тоқсары.

-Тиіннің және қандай дене мүшесін көріп тұрсыңдар?

-Басы, денесі, аяқтары, құйрығы**.**

-Құйрығы қандай?  -Үлкен.

-Үлкен және үлпілдек. Қане бәріміз бірге айтып көрейікші.

-Үлкен, үлпілдек (балалар тәрбиешімен бірге айтады)

Тиіндер орманды мекен етеді. Бұтақтан-бұтаққа секіріп ойнайды, өздерінің

қысқы азығын жинап алады. Тиіндердің ағаштан-ағашқа секіруіне осы әдемі, үлпілдек құйрығы көмектеседі..

-Тиин өзінің інін қайда жасайды?

-Ағаш қуысында.

**Тәрбиеші**: - Ал, тиин қысқа қалай дайындалады?

(Балалардың жауаптары;ағаш бүршіктерін, жаңғақтар, саңырауқұлақтар жинап кептіреді )

**Тәрбиеші** (балаларды мақтап, тиінге жаңғақпен саңырауқұлақтарды жинап беруді ұсынады). -Балалар, тиінге қысқы азық жинауға көмектесейік.

**Д/и «Тиінге азығын жинайық»**

(жапырақтармен безендірілген тақтаға саңырауқұлақтар мен бүршіктерді қыстырады )

**Тәрбиеші**: - Тиин үшін қанша саңырауқұлақтар жинадық (көп)

-Бүршіктер қанша? (көп)

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар. Тиин сендерге риза болды. -Балалар, тиин сөзін орыс тілінде қалай айтамыз? -Тиин-белка. Қане енді тиінмен қоштасайық. Саяхатымызды жалғастырайық. (балалар қоштасады.) **Тәрбиеші**: -Балалар,мына жапырақтар қимылдап жатыр, жапырақтың астында біреу жасырнып тұрған секілді.(Тәрбиеші жапырақтарды ашып, кірпіні көрсетеді) **Тәрбиеші**; - Ой, балалар қараңдаршы жапырақтың астына кірпі жасырныпты.

-Кірпі қандай ? (кішкентай, тікенекті)

-Ия, кірпі кішкентай және тікенекті, сүйір тұмсығы және төрт аяғы бар екен. Кірпі де жаз бойы орманда шашылып жатқан жапырақтарды, жеміс-жидектерді жинайды. Осы тікенектері кірпіні басқа үлкен аңдардан қорғайды. Түлкі, немесе қасқыр кірпіні жемек болғанда, кірпі басын аяқтарын тікенектерінің астына жасырып, доп секілді домаланып қалады екен.

**Сергіту сәті**

Кірпі, кірпі, кірпі,

Тікенегі түрпі (қолдарын екі жанына қойып, саусақтарын ашады )

Жапырақтың астымен,(қолдарын төменге түсіреді)

Жапырақтың үстімен.(қолдарын жоғары көтереді)

Орманды кезіп жүреді. (аяқтарын тыпырлатады)

Қауіп төнсе өзіне, көрсе егер түлкіні(түлкінің қимылын жасайды)

Басын ішке бұғады, доп-домалақ болады (бастарын қолдарымен жауып, отыра қалады)

Жарайсыңдар балалар. Сендердің ойындарың кірпіге ұнаған секілді. Ендеше кірпімен қоштасайық, саяхатымызды жалғастырайық.

**Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сурет бойынша әңгіме.**

**Тәрбиеші**: -Балалар орманда қандай ережелерді сақтау керек екенін білесіңдер ме? (Тәрбиеші балаларға қауіпсіздік ережелерін бейнелеітін суреттерді тарқатып береді, балалар қолдарындағы картинкаларды пайдаланып жеке-жеке

жауап өз ойларын жеткізеді; от жағуға , ағаштарды сындыруға, гүлдерді, саңырауқұлақтарды жұлуға, аңдармен құстарды үркітуге т.б. болмайды)

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар осы ережелерді үнемі естеріңде сақтаңдар.Демек біздерге орманда шулауға болмайды екен. Ережені сақтап саяхатымызды одан әрі жалғастырайық.Тастрдың үстімен жүріп өтейік.

**Тәрбиеші:** Міне орманның екінші шетіне келіп жеттік. (Шырша жанына жақындайды) - Балалар мынау қандай ағаш? (Шырша) -Шыршаның жапырағы бар ма?(жоқ, инелері бар) -Шыршаның түсі қандай? -Жасыл

-Ия, шырша жаз мезгілінде де, қыс мезгілінде де жасыл түсте болады.

-Қараңдаршы балалар, шырша түбіндегі ағаштың түбірінде біреу отырған секілді. Бұл не? (қоян) **.**

**-**Қоянның жанында өте әдемі текше де бар екен. Мүмкін қоян осы текшеде бейнеленген суреттер арқылы өзі туралы әңгімелеуімізді қалаған шығар?

**(Текше. суреттер арқылы қоянды сипаттау)**

-Қояны қайда жасайды?(орманда)

-Қоянның жүні қандай? (үлпілдек,жұмсақ)

-Қоянның тұмсығының жанында нелері бар?(мұрттары)

-Қоян не жегенді ұнатады?( сәбіз, қырыққабат)

-Қоянның баласын қалай атаймыз?(көжек).

-Ал енді қоянды орыс тілінде айтыңдаршы.

Қоян-зайка.

**Тәр**: -Жарайсыңдар балалар. Қоян туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер.Өзі туралы әңгімелеп бергендеріңе қоянда риза болды. Қоянмен да қоштасайық. (балалар қоштасады).

Балалар, біздер орманда ұзақ жүрдік. Енді бабабақшаға қайтатын уақыт болған сияқты.

Ендеше орманмен, орман тұрғындарымен қоштасайық.

-Сау болыңдар орман тұрғындары! **Музыка.**(балалар автобусқа отырады) Тәрбиеші: Балалар бүгін біз сендермен орманда болдық. - Орманда нелермен кездестік? (балалардың жауаптары; тиін, кірпі, қоян)

-Тиін қайда тұрады екен? (ағаш қуысында)

-Тиіннің ағаштан-ағашқа секіруіне не көмектеседі екен? (құйрығы)

-Кірпі өзінің жауларынан қалай қорғанады екен? (тікенегінің астына жасырынады)

-Қоян туралы не білдіңдер? (орманда жасайды, сәбіз, қырыққабат жиді, жүні жұмсақ т.б.)

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Мен сендерге орманнан жинап әкелген түрлі-түсті жапырақтарымды силаймын. Саяхат сендерге ұнады ма? (балалардың жауаптары). Мағанда ұнады.Ендеше өзіміздің жақсы көңіл-күйімізді білдірейікші. (балалар күлімдейді, қонақтармен қоштасады)**.**

# МАЗМҰНЫ


- *МЫРЗАХАНОВА АЙМАН ХАЛБУЛАТОВНА*
- *ЖОЛДАСОВА АЙНУР АЛИБЕКҚЫЗЫ*
- *КАСЕНОВ АСЛАН СОВЕТОВИЧ*
- *КАКЕЖАНОВА ДИАНА ЕРБУЛАТОВНА*
- *ТЕМИРХАНОВА САЛТАНАТ ТЕМИРХАНОВНА*
- *КУРМАНСЕЙТОВА АЙГЕРИМ ЕРЖАНОВНА*
- *МУТАЛЯПОВА БАКЫТ САДУАКАСОВНА*
- *ВАРАКИНА ОКСАНА ВИТАЛЬЕВНА*
- *ЖАНСЕИТОВА АСЕЛЬ АЛИПБАЕВНА*
- *КАПЫШОВА МЕРЕКЕ КУРМАНГАЛИЕВНА*
- *АЙТЕЛЬБАЕВА ЖАННА БАЙДАУЛЕТОВНА*
- *АЙДЫНБЕКОВА АЙГЕРИМ СЕЙСЕНБЕКОВНА*
- *АБЖАППАРОВА МУХАББАТ ПОЛАТОВНА*
- *БАКБЕРГЕНОВА ЛАУРА ОРЫНТАЕВНА*